

Жылдый ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылдый ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 95 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 4125 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылдый ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 117 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылдый ауданы әкімдігінің 07.04.2023 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 33 бабының 5 тармағына сәйкес Жылдый ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жылдый ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Жылдый ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына (Ә.И. Шәкіров) жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Құттұмұрат-ұлы

Жылдый ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 95 қаулысына
қосымша Жылдый ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 3 сәуірдегі № 95
қаулысымен бекітілген

Жылдый ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жылдый ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан

"Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 33 бабы 5 тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлықта қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) бекітілген "Б" корпузы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік Әдістемесіне сәйкес әзірленді және "Б" корпузы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі - "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұфымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына "А" корпузы қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпузы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпузы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпузы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді тұрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпузы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

3. "Б" корпузы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. "Б" корпузы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпузы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпузы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды

тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

Ескерту. 5-тармақ жана редакцияда - Атырау облысы Жылой ауданы әкімдігінің 10.02.2022 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) НМИ жетістіктерін бағалау;
- 2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелебе, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелебе, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тaraу. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

- 1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);
- 2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);
- 3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);
- 4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын немесе "А" корпусы қызметшісінің келісімін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сақталады.

3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіpte жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парагы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) бағалаумен келісу;
- 2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парагын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парагы толтырылады.

26. Бағалау парагын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны оннан аспайды.

27. Қызметші құзыреттің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіpte анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының $\frac{3}{4}$ немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының $\frac{3}{4}$ -нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын;

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері үәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Персоналды басқару қызметі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысадан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дереккөр (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы Жылдый ауданы әкімдігінің 10.02.2022 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Алынып тасталды - Атырау облысы Жыл сайын ауданы әкімдігінің 10.02.2022 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;
- 2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

Жыл сайын ауданы әкімдігінің "Б"
корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
Әдістемесіне 1-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Жоғары тұрған басшы _____
_____(тегі, аты-жөнінің
бірінші әріппері) күні _____
_____ колы _____

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

_____ жыл (жеке жоспар құрастырылатын
кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) _____

_____ Қызметшінің лауазымы: _____

_____ Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

№ п/п	Нысаналы максатты индикаторлар дын атавы	Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісі келісімінің каи корсеткішінен немесе	Олшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Кол жеткізу мерзімдері
----------	---	---	---------------	------------------	---------------------------

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді	Түйінді нәтиже*
---	--------------------

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін он өзгерістер

Қызметші Тікелей басшы _____

_____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) күні _____ күні _____ қолы _____
_____ қолы _____

Жылдың ауданы экімдігінің "Б"
корпусы мемлекеттік экімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
Әдістемесіне 2-косымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Жоғары тұрган басшы _____
_____ (тегі, аты-жөнінің
бірінші әріптері) күні _____
_____ қолы _____

НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә.,
бағаланатын тұлғаның лауазымы) _____ ((
бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторларды н атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол ж е т т і / көрсеткішке қол жетпеді
----------	---	---------------	---------------	------------	--

Бағалау нәтижесі _____

_____ (қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші Тікелей басшы _____

_____ (тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні) күні _____ күні _____
_____ қолы _____ қолы _____

Жылдың ауданы экімдігінің "Б"
корпусы мемлекеттік экімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
Әдістемесіне 3-косымша

Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парагы

_____ жыл (бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Бағаланатын

қызметшінің лауазымы: _____

Бағаланатын

қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

№ р/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орынктылық		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Қызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Қызметті тұтынушыларды хабарландыру" құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші Тікелей басшы _____
_____ (тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні) күні _____ күні _____
_____ қолы _____ қолы _____

Жылдың ауданы экімдігінің "Б"
корпусы мемлекеттік экімшілік
қызметшілерінің қызметін бағалаудың
Әдістемесіне 4-қосымша

Нысан

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік экімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
			Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер

	E-1; E-R-1.	Стратегиялық бағыттарға сәйкес накты міндеттер қояды және тапсырмалар береді; Бөлімшениң берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттайтының және жағдай жасайды; Бөлімшесінің басымдылығына қарай тиімді үйимдастырады;	қоя алмайды және тапсырмалар береді; Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды; Бөлімшесінің басымдылығына мән бермей тиімсіз үйимдастырады;
қызметтік басқару	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және үйимдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді; Бөлімшесінің нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;	Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және үйимдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді; Бөлімшесінің нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды; Басшылыққа сапалы құжаттар дайындайды және енгізеді.; Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; Белгіленген мерзімдерді сақтайтының жағдайы;	Тапсырмаларды жүйесіз орындауды; Сапасыз құжаттар өзірлейді; Жедел жұмыс жасамайды ; Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.
		Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және үйимдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды;	Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және үйимдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды;

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	E-1; E-R-1.	Койылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге қол жеткізеді;	Койылған міндеттерге қол жеткізу үшін кейбір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге қол жеткізбейді;
	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады; Бөлімшениң қоғаммен тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; Әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды;	Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; Бөлімшениң қоғаммен тиімді жұмыс ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді; Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады; Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындаиды.	Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді; Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді; Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды.
	E-1; E-R-1.	Міндеттерді дұрыс бөле алады; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер туралы хабарлайды; Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды; Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды; Жеке тәжірибесіне, басқа да маңызды болып	Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды; Орын алуы мүмкін қауіптер туралы хабарламайды; Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды; Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды; Шешім қабылдау барысында тек өзінің

		табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды;	жеке тәжірибесіне және көзкарасына сенеді;
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алады; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылауды; Әртүрлі дереккөздерден алынған маглұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды;	Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; Әртүрлі дереккөздерден алынған маглұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамайды; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Қажетті мәліметтерді таба алады; Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып , мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; Өзінің пікірін негіздей алады.	Қажетті мәліметтерді таба алмайды; Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; Негіzsіз пікір білдіреді.
	E-1; E-R-1.	Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер қоя алады; Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі; Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділілігін қамтамасыз етеді; Қ ы з м е т тұтынушылардың қанағаттанушылығы-на талдау жүргізеді және	Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер қоя алады; Қызмет көрсетудің әдістері туралы шала-шарпы біледі; Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділілігін қамтамасыз етпейді; Көрсетілетін қызмет б о й ы н ш а тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және

ҚЫЗМЕТТИ ТҮТҮНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ		қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады;	қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырмайды;
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды үйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді; Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасайды; Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болу арқылы көрсетеді;	Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды үйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді; Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасамайды; Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағанның жоғары тұғран қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Сыпайы және тілеквестікпен қызмет көрсетеді; Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді.	Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді ; Тұтынушының сұраптары мен мәселелеріне мән бермейді; Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.
	E-1; E-R-1.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндіреді; Көрсетілетін қызметтер тұрали ақпараттандырудың тиімді тәсілін құрастырады;	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; Көрсетілетін қызметтер тұрали ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін құрастырады;
ҚЫЗМЕТТИ ТҮТҮНУШЫҒА АҚПАРАТТАНДЫРУ	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қол жетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді;	Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді;

		Қызмет тұтынушыларының пікірін құрметтейді;	Қызмет тұтынушыларының пікірін елемейді;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін колданады; Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады.	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін колданады; Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды.
	E-1; E-R-1.	Ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді; Өзгерістерді уақтылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдайды; Бөлімшени тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді; Жұмыстың жаңа бағыттарын колдану бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді;	Ұжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; Өзгерістерді уақтылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; Бөлімшени тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; Жұмыстың жаңа бағыттарын колдану бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді;
ЖЕДЕЛДІЛІК	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1;	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізеді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдайды; Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді;	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды;
	E-3; *		Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады;

	E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағаның жогары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; Оларды енгізуіндік жана бағыттары мен әдістерін үйренеді; Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.
	E-1; E-R-1.	Улгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырайды; Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды; Әріптерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді;	Улгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырайды; Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; Әріптерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көніл бөлмейді;
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды ;	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3.	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпараттар мен оны	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; Өзіндігінен дамуға ұмтылмайды, жаңа

	<p>* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>колданудың әдістерін ізденеді; Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жана дағдыларды колданады.</p>	<p>ақпараттар мен оны колдану әдістерімен қызықпайды; Өзінде бар дағдылармен шектеледі.</p>
E-1; E-R-1.		<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді; Ұжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік нормалары мен стандарттарына берілгендік деңгейін дамытады; Басқалардың жетістіктерін мойындайды, әріптестерінің намысы мен абыроына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады; Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескереді және анықтайды ; Риясыздық, әділдік, адап ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады; Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді;</p>	<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді; Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді; Басқалардың жетістіктерін мойындамайды, әріптестерінің намысы мен абыроына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауга жол береді; Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескермейді; Риясыздық, әділдік, адап ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроына құрмет танытпайды; Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіремейді;</p>
АДАЛДЫҚ		<p>Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды; Ұжымның мұддесін өз мұддесінен жоғары кояды;</p>	<p>Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді;</p>

	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Жұмыста табандылық танытады; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтamasыз етеді; Риясыздық, әділдік, адаптивтілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады;	Оз мұддесін ұжым мұддесінен жоғары кояды; Жұмыста табандылық танытпайды; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтamasыз етпейді;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3.	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын адаптивтілік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзін адаптивтілік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзін адаптивтілік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ;	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын орында барысында немкүрайлылық білдіреді ; Өзін адаптивтілік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзін адаптивтілік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзін адаптивтілік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ;
	E-1; E-R-1.	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды;
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1;	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды;
	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда,	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда,

СТРЕССКЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ	көрсетілген тұлғалардан басқа	кемшіліктерді жою жөнінде шаралар кабылдайды.	жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар кабылдамайды.
	E-1; E-R-1.	Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйимдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады;	Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйимдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады;
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1.	Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйимдастыруды жеке жауапкершілігіне алады;	Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйимдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады;
ЖАУАПКЕРШІЛІК	E-3; * E-4; E-R-4; E-G-3. * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғага артады.
	E-1; E-R-1.	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды түзеді және қарастырады;	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлемейді және қарастырайды;
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1;	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді;	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді;
БАСТАМАШЫЛДЫҚ	E-3; * E-4; E-R-4;	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді

E-G-3. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	және өзінің негізгі міндеттерінен басқа косымша жұмыстарды орындайды.	және өзінің негізгі міндеттерінен басқа косымша жұмыстарды орындамайды.
---	---	---

Жылдың ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесіне 5-косымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Лауазымды тұлға _____
_____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) күні _____
____ қолы _____

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

_____ (мемлекеттік органның атауы) _____
_____ (бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				

Комиссия қорытындысы: _____ Тексерілді: Комиссияның хатшысы: _____
_____ Күні: _____ (тегі, аты-жөні, қолы) Комиссияның
төрағасы: _____ Күні: _____ (тегі, аты-жөні,
қолы) Комиссияның мүшесі: _____ Күні: _____
____ (тегі, аты-жөні, қолы)